

## **2022 жылдың наурыз айының 2-ші онкүндігіне қысқаша агрометеорологиялық шолу**

Қазақстанның оңтүстік жартысында қолайлы ауа температурасы фонымен мол жауын-шашыннан күздік бидай мен көпжылдық шөптердің (жоңышқа, эспарцет) белсенді қайта өсіп-өнуі басталған.

Күздік бидай бақылау учаскелерінің жағдайы жақсы, даму фазасы «көктеу» - «шоқтану». Өсімдіктердің биіктігі 6 см 19 см дейін жеткен, 1 м<sup>2</sup> өсімдіктер саны 182-332 данаға жеткен.

Батыс Қазақстан облысында күздік дәнді дақылдар себілетін аудандарда онкүндік ішінде ең төменгі ауа температурасы минус 21...25°С дейін, топырақ қабатының температурасы минус 27...29°С дейін төмендеген, бұл қар жамылығысы біркелкі таралмаған немесе қар жамылығысы болмаған жағдайда күздік дәнді дақылдардың нашар дамыған егістіктері үшін қолайсыз болады.

Жоңышқа шөптерінің жағдайы көбінесе жақсы, кей жерлерде қанағаттанарлық, шөптердің биіктігі 2-11 см жетеді. Даму кезеңі «өсімдік сабағының өсуі».

Жамбыл облысының Т.Рысқұлов ауданының Құлан станциясының маңайындағы бақылау учаскелерінде топырақты алдын ала өңдегеннен кейін жаздық арпа себуге кіріскен.

Наурыздың екінші онкүндігінде жайылымдық мал шаруашылығының басым аумағында ауа температурасы ауытқуының мәні теріс, оңтүстік және оңтүстік-шығыс облыстарында оң болған.

Мал жайылымы барлық жерде тегіс жүргізілген. Батыс Қазақстан облысында, Қостанай облысының Арқалық ауданында, Қарағанды облысының Шет ауданында малдарды қораларда ұстауда. Онкүндіктің басында Түркістан облысының Созақ ауданында малдарды айдау атап өтілген. Алматы облысының Жамбыл, Балқаш және Қаратал аудандарында және Түркістан облысының Созақ ауданында төлдеу науқаны жалғасуда.

Жайылымдар орташа және қатты тапталған. Шабындықтың жай-күйі көбінесе қанағаттанарлық, нашар шөптер Алматы облысының Қаратал ауданында, Батыс Қазақстан облысының Казталов ауданында және Маңғыстау облысының Маңғыстау ауданында байқалған.

Шымның жағдайы көбінесе қатқак және дымқыл. Қызылорда облысының Қармақшы ауданында, Маңғыстау облысының Маңғыстау ауданында және Түркістан облысының Отырар ауданында шым құрғақ болған.

Көктемгі ауа райының құбылмалылығына байланысты өткен онкүндікте жайылымдық мал шаруашылығы аумағында байқалған қолайсыз метеорологиялық құбылыстар: қатты жел, көктайғақ құбылыстары, қырау, бұрқасын жануарлардың тіршілік әрекеті мен жайылатын мал басы үшін үлкен қауіп төндіреді.